

Абжалелова Д.
**Оңтүстік Қазақстан
аймағының музыкалық
дәстүрлерін зерттеу мәселелері**

Д. Абжалелова «Оңтүстік Қазақстан аймағының музыкалық дәстүрлерін зерттеу мәселелері» атты мақаласында Қазақстандағы музыкалану саласындағы аймақтық музыкалық дәстүрлерге арналған әдебиеттерге шолу жасайды. Автор Оңтүстік Қазақстан аймағының фольклоры және кәсіби ән-күй-жыр дәстүрінің зерттеу мәселесін айта отырып, зерттеулердің жеткіліксіз екенін айқындайды және магистрлік диссертациясында қойылатын мынадай сұрақтардың негізін белгілейді: 1) регион бойынша музыкалық материалдарының жинау және жүйелеу мәселесі, 2) жеке авторлық стильдер арқылы аймақтық әншілік және жыршылық дәстүрлерінің ерекшеліктерін көрсету мәселесі, 3) Оңтүстік Қазақстанның жыршылық дәстүрінің Сыр бойы аймағымен, ал әншілік дәстүрінің Жетісу аймағымен (сан жағынан басымды болып келетін дулат тайпасының тарихы арқылы) байланысын дәлелдеу мәселесі.

Түйін сөздер: фольклор, ән-күй-жыр өнері, аймақтық дәстүрлер, халық шежіресі.

Abzalelova D.
**Problems of the study of
musical traditions of the South-
Kazakhstan region**

In D. Abzhalelova's article «Problems of the study of musical traditions of the South-Kazakhstan region» gives a brief overview of musicological literature devoted to the study of regional musical traditions in Kazakhstan. The author notes that folklore and oral-professional traditions of an-kuyi-zhyr of South Kazakhstan region remain poorly understood and reveals the essence of the main issues raised in the thesis: 1) the collection and systematization of musical material in the region, 2) the demonstration of the originality of the song and the epic tradition of the region through the individual styles of the carriers of these traditions, 3) the relationship of South-Kazakh epic tradition with Syr region (Syrdarya) and song tradition with Zhetysu region (through the history of the tribe Dulat as the most numerous in South Kazakhstan).

Key words: folklore, an art an-kuyi-zhyr (song, instrumental, epic creativity), regional traditions, Shezhire (annals of Kazakh tribes).

Абжалелова Д.
**Проблемы исследования
музыкальных традиций
южно-казахстанского региона**

В статье Абжалеловой Д. «Проблемы исследования музыкальных традиций южно-казахстанского региона» дается краткий обзор музыкально-этнографической литературы, посвященной изучению региональных музыкальных традиций в Казахстане. Автор отмечает малоизученность фольклорных и устно-профессиональных традиций ән-күй-жыр южно-казахстанского региона и раскрывает суть основных вопросов, которые ставятся в магистерской диссертации: 1) сбор и систематизация музыкального материала по региону, 2) показ своеобразия песенной и эпической традиции региона через индивидуальные стили носителей данных традиций, 3) связь южно-казахстанской эпической традиции с регионом Сыр өңірі (Сырдарья) и песенной традиции с регионом Жетісу (через историю племени дулат как самого многочисленного в Южном Казахстане).

Ключевые слова: фольклор, искусство ән-күй-жыр (песенное, инструментальное, эпическое творчество), региональные традиции, шежіре (летопись казахских родов).

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
АЙМАҒЫНЫҢ
МУЗЫКАЛЫҚ
ДӘСТҮРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ фольклоры, *ән-күй-жыр* өнері ұлтымыздың мақтаныш етер асыл мұрасы, сан ғасырлар бойы қаймағы бұзылмай, бүгінге жеткен қазынасы, сарқылмас байлығы. Қазақ музыкасы кешегі мен бүгінгінің алтын көпірі іспеттес бізге халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігін, қайғы-мұң, аңсар-арманын, сағыныш-шерін, басынан өткерген небір ауыр күрестері мен, қуанышы-тарын көрсетіп тұрған сырлы айнасындай.

Қазақтың фольклорын, халық және кәсіби әндерін, сонымен қатар күйшілік, жыршылық дәстүрдің үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу фольклортану және музыкатану ғылымдарының негіздері. Бұл жұмыстардың алғашқы тәжірибелері XVIII-XIX ғасырлардан бастау алып, XIX ғасырдың екінші жартысында Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев сияқты ғалымдардың еңбектерінде шынайы өрісін тапты. Бұл еңбектерде фольклор үлгілерін жинаудың, әрі зерттеудің өзіндік әдіс-тәсілдері қалыптаса берді және осы ғалымдардың тәжірибесі келесі буындарда өзінің жалғасын тапты.

XX ғасырда Қазақтың жалпы фольклорына және әндеріне арналған А. Затаевичтің, А. Жұбанов, Б. Ерзаковичтің, Т. Бекхожинаның, А. Байгаскинаның, С. Еламанованың, И. Қожабековтың т.б. көптеген музыка зерттеушілері мен жинаушыларының ғылыми еңбектері бізге мәлім. Ал аспаптық музыка күйлерінің жиналғанын және алғашқы рет зерттелгенін жоғарыда айтылған А. Затаевич, А. Жұбановтың, әрі қарай П. Аравин, З. Жанұзақованың, Т. Бекхожинаның еңбектерінен көрсек, күйлерді талдауда А. Мұхамбетова, Г. Омарова, А. Раймбергенова, С. Өтеғалиева т.б. көптеген зерттеушілердің еңбектері зор.

Ұлттық дәстүрлі музыкасы аймақтық орналасуларға байланысты әр қилы болып келеді. Себебі әр аймақтың өміріне, тұрмыс-тіршілігі мен наным-сенімдеріне шекаралас жатқан көрші мемлекеттердің ықпалы әсер етпей қойған жоқ. Тек қана көршілес жатақан мемлекеттердің әсерінен ғана емес, сонымен қатар қазақ халқы тайпа-руларға бөліне отырып, жерді де бөлісті. Соның салдарынан әр аймақтың жағрафиялық орналысуы, тарихы, жергілік этно-мәдениеттік дәстүрлері сол аймақтардың музыкалық мәдениетінің ерекшелігіне өз әсерін тигізді және осыдан қазақ музыкасында алуан түрлілік пайда болды.

Қазақтың дәстүрлі *ән-күй-жыр* өнері өрістеген өлкелеріне, құрылымдық өзгешеліктеріне, орындаушылық ерекшеліктеріне қарай бірнеше аймақтық дәстүрлерге бөлінеді. Олар Шығыс Қазақстан (Алтай-Тарбағатай), Арқа, Жетісу, Сыр өңірі, Батыс Қазақстан өңірлерінде қалыптасқан. Бұл аймақтық дәстүрлер, оның ішінде фольклор және кәсіби ән, күй, жыр мектептері туралы музыка зерттеушілерінің, фольклортанушыларының әр аймақты жеке дара қарастырып зерттеген кітаптары, жинақтары, монографиялық еңбектері, ғылыми диссертациялары, мақалалары бар.

Мысалы, еліміздің Шығыс, Орталық, Солтүстік аймақтарын қамтитын Арқа дәстүрлерін айтсақ, бұл аймақтан көмейіне бұлбұл ұялаған көптеген дарабоз әншілер шықты. Сол әншілердің өмірі мен шығармашылығы жайында көптеген еңбектер де жарық көрді. Атап көрсетсек, аталмыш аймақтың фольклоры мен әншілік дәстүріне байланысты әр жылдарда ноталық жинақтар шығып, монографиялық, диссертациялық еңбектер жазылды. Олар: Ж. Кәрменовтың, Г. Байтенованың, М. Әбуғазының ноталық жинақтары, С. Елеманованың монографиясы, Д. Амированың, А. Байбектің диссертациялары [1], т.б. Арқа *шертпе* күйлері туралы еңбектерді бөліп қарасақ: У. Бекеновтың, Е. Үсеновтың, А. Тоқтаған мен М. Әбуғазының күй жинақтары, М. Гамарниктің Тәттімбет шығармашылығы туралы жазған диссертациясы, т.б. [2].

Батыс Қазақстан (Орал-Атырау, Маңғыстау, Арал-Ақтөбе, Сыр өңірі) ғұрыптық жанрлар және кәсіби дәстүрлі ән өнері бойынша: М. Құрманғалиева, А. Жаңбыршының ноталық жинақтары, Б. Тұрмағанбетова, М. Құрманғалиеваның диссертациялары [3]. *Төкпе* күй жанры бойынша: А. Жұбановтың, Т. Мерғалиевтің, А. Райымбергеновтың, А. Тоқтағанның (А. Есенұлы), К. Сахарбаеваның жинақтары және П. Шегебаев, Р. Несіпбай, Г. Омарованың диссертациялары [4].

Сыр өңірінің күйшілік және жыраулық музыкасына байланысты: Б. Жүсіпов, Б. Оспанов, Т. Тоқжанның ноталық баспалары және Б. Жүсіпов, Ұ. Байбосынова, Э. Жаңабергенованың диссертациялары [5].

Ежелгі күй, ақындық-жыршылықтың зор ықпал еткен және ерекше дамыған жері Жетісу аймағы жайлы: Б. Мүптекеев пен С. Медеубекұлы, А. Әбдуәлі мен М. Әбуғазының ноталық жинақтары және А. Темірбекова, Е. Үсенбаев, Б. Мүптекеевтің диссертациялары [6].

Аталып өтілген аймақтық дәстүрлі музыканы толығымен зерттелген деп айта алмасақ та,

біршама қамтылған. Ал қазақ музыкатану ғылымында назардан тыс қалып келе жатқан, зерттеу нысанына толық алынбаған аймақ – Оңтүстік өлкесі, оның ішінде Қазығұрт, Отырар, Түркістан, Қаратау бөктері. Осы аймақтың өзіндік тарихи-географиялық ерекшелігі, табиғи қалыптасу сипаты, қоғамдық саяси-әлеуметтік ахуалы халықтың тарихи танымына, философиялық-психологиялық түйсігіне, мәдени-рухани талғамына өзіндік ықпалын тигізген. Сондықтан да бұл аймақтың музыкалық, оның ішінде фольклорлық және кәсіби музыкалық өнерінің өзіндік ерекшелігі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Дегенімен, жалпы Оңтүстік Қазақстан өңірінің музыкалық фольклоры, терме-әндері, әдет-ғұрып, салт-дәстүр ерекшеліктері мүлдем зерттелінбеген, жиналмаған деп айта алмаймыз. Оның бір дәлелі 1991 жылы жарық көрген Р. Темірбаевтың «Қазығұрт әуендері» [7] атты еңбегі. Бұл жинақта алғаш рет Қазығұрт аймағының, яғни Шымкент облысының қара өлендері біршама жинақталып, нотаға түсірілген. Аспаптық музыкаға байланысты зерттеуші, профессор Г.Н. Омарованың «Оңтүстік Қазақстанның күйшілік өнері» (Қаратау және Сыр өңірлерінің аймақтық байланыстары) [8] атты мақаласы музыкадағы аймақтық дәстүрлерді зерттеу мәселесіне арналған. Автордың пікірінше, Оңтүстік Қазақстандағы тарихи өлкелер (Қаратау, Сыр өңірі) ғасырлар бойы түрлі аймақтар, ру, тайпа мен этностардың тоғысу жері болған. Демек, бұл өңірлер мәдениеттер мен музыкадағы стильдердің де тоғысу жері. Сонымен қатар аспаптық музыкаға байланысты: Ж. Иманалиев пен М. Айтқалиевтің, А. Тоқтаған, Г. Ұлтарахова мен М. Әбуғазы күйлер жинағы, Ж. Спатаевтың терме жинағы¹ және Р. Алсаитованың диссертациясы [9].

Биылғы жылы Шымкент облысы әкімінің қолдауымен «Оңтүстік Қазақстанның жүз әні», «Оңтүстік Қазақстанның жүз термесі» және «Оңтүстік Қазақстанның жүз күйі» атты үш бірдей үлкен еңбек жарық көргелі отыр. әрине, бұл жинақтардың жарық көруі – үлкен жетістік, дегенімен осы аймақтың дәстүрлі музыкасын әлі де тереңірек, әлі де кәсіби тұрғыда зерттеп, саралап, басқа аймақтардан ара жігін ажыратып,

¹ Өкінішке орай, Ж. Спатаевтің «Терме сазы» атты жинағында Оңтүстік өлкесінің Мырзашөл аймағы, Сыр бойы, Қаратау бөктерінің, Түркістан, Отырар, Қазығұрт аймағынан шыққан ақын, жыршыларының өлендеріне шығарылған мақам саздары кәсіби, сауатты түрде сарапталған деп айта алмаймыз. Сонымен қатар кітаппен бірге ұсынылып отырған ұнтаспада, эстрадалық әншілердің интернет желісінде жүрген записьтері де кездеседі.

ерекшелігін нақты фактілермен көрсетуді қажет етеді.

Аталмыш аймақтың музыкалық дәстүрлі өнерін бүгінгі тарихи, әдеби мәліметтер мен музыкалық материалдарды қолдана отырып, фольклорлық, эпикалық, сонымен қатар, егер бар болса, кәсіби ән өнерін және де бірқатар ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, сипаттау, стильдік ерекшеліктерін айқындау зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады.

Ең алдымен бұл аймақтың фольклорын Р. Темірбаевтың «Қазығұрт әуендері» [7] атты ноталық кітабын пайдалана отырып, сонымен бірге алдағы уақытта жоспарланып отырған экспедицияда зерттеу нысанына алынып отырған аймақтың фольклорына байланысты қосымша материалдарды іздестіріп, табу бірінші орындағы өзекті мәселе.

Екінші мәселе – толғау, терме яғни эпикалық жанрдың осы өлкеде кеңінен дамып қалыптасуының өткен тарихи оқиғалары, ақын, жыршы, күйшілердің өмірі мен тағдырына, олардың ақындық және музыкалық шығармашылығына өз әсерін тигізгендігі жайлы нақты фактілерді мысалға келтіре отырып, әнші, термеші, жыраулардың шығармаларын талдап, олардың өзіне ғана тән даралық сипатын айқындау. Бүгінгі таңда терме, жыр, дастандардың жалпы эпикалық өнердің сақталып қалған жері Сыр өлкесі, одан соң Оңтүстік Қазақстан облысының Сыр өңірімен шекаралас жатқан Отырар ауданы.

Осы тұста Ұ. Байбосынованың «Мұсылмандық Шығыс әдебиеті үлгісіндегі жанрлар және олардың әуездік-эстетикалық ерекшеліктері» атты мақаласында: «Ислам дінінің тарауымен бірге Шығыс әдебиетінің де ежелден қалыптасқан тақырыптық, жанрлық, көркемдік жүйесінде жаңару, жаңғыру, құбылыстары байқалды. ... Араб-парсы поэзиясының тақырыптық-идеялық жүйесіндегі ежелден қалыптасқан өмір құбылыстары хақындағы мазмұнға енді Алла және оның кітабы Құран, Мұхаммед пайғамбар, оның төрт сахабасы және т.б. құқықтық этикалық, мәдени-ғұрыптық қарым-қатынастары қамтыла жырланды. Ислам және Шығыс мәдениет дәстүрлерінің тоғысуы әуелде араб халифатының жаулап алу, күштеу саясатына негізделгенімен, келе-келе IX-XI ғасырлардағы Орта Азиядағы түркілік-парсылық мемлекеттердің дербестенуі арқасында әрбір халықтың өзіндік әдеби-мәдени дәстүрлері қалыптасты. Бұл орайда біз Сырдарияның жоғарғы ағысында әбілхасан Рудаки, әлішер Науаи орта ағысындағы Ахмет Иассауи,

Ахмет Игүнеки, Софы Аллаяр туындылары арқылы жасалған әдеби-әуездік дәстүрлерді ауызға аламыз. Исламдық мәдениетті негізге ала отырып, Сыр бойы ақындары өнердің сөз, әуез бірлестігінен құралатын табиғатына гуманистік-эстетикалық жаңа дәстүрлері жолды енгізе жасады» [10, 309].

Құран және шығыстық әдебиет үлгілері қазақ ақын, жырауларының шығармашылығында сақталып, дамып, дәстүрлі жалғасын тауып отырды. Сырдарияға шекаралас жатқан, яғни Қаратау өңірінен шыққан Майлықожа, Мәделіқожа, Бұдабай, Мәнсүр сынды ақындардың шығармашылығынан да осы сипаттарды көреміз. Оңтүстік Қазақстаннан шыққан термешілер дегенде ең бірінші ойға келетіні де, айтылатыны да, айтылып жүргені де Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Ал Құлыншақ Кемелұлы, Молда Мұса, Құтбай Дүрбаев, Қайыпназар әйтпеновтар т.б. термеші, ақындары жайлы көбі біле бермейді. Ендігі мәселе Майлықожа атамның өмірбаянын шығармашылығын тереңірек зерттей отырып, басқа да термеші, жыршы ақындардың аттарын атап, шығармашылықтарымен тереңірек таныса отырып басқа аймақтардың термеші, жыршыларының мақамдарынан ерекшелігін талдап, саралап түсін түстеп көрсету болып табылады.

Үшінші мәселе – Оңтүстік Қазақстан аймағының рулық құрамы, сол рулардың шежірелік негіздері және осы аймақпен байланысты этно-тарихи оқиғалар. Себебі, аймақтық дәстүрлі музыка тек территория және өлкелердің қалыптасу, дамуымен ғана емес, сонымен қатар Қазақстан территориясындағы этно-тарихи процесстерімен және қазақ шежіресімен де тығыз байланысты [11, 13-19]. Оңтүстік Қазақстанға қатысты мына мәліметтерді қолдануымыз қажет: «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Шымкент уезінің қазақтары этникалық тұрғыдан үш жүзді түгел қамтыды. Кіші жүзден мұнда тамалар, жағалбайлылар мен шеркештер тұрады; Орта жүзден қоңыраттар; ал Ұлы жүзден Ысты, Ошақты, Сіргелі мен Дулат руы төрт атасының басым бөлігі мекен етті. Сондықтан қазақ халқының мұндағы басым бөлігі Ұлы жүз өкілдері болып есептеледі. Мәселен, көптеген жаныстар Ташкент уезінің шекарасынан бастап, Арыстың Сырдарияға құяр сағасына дейін екі жағалауда, Келес, Бадам өзенінің жоғарғы жағалауында тұрақты. Арыс өзенінің оң жағында, Боралдай, Бөген бойында Шымыр руының өкілдері аумақ-аумақ болып отырса, Сайрамның солтүстігінде ботбайлардың аз бөлігі мекендеді. Арыстың төменгі саласында ең көп Сиқым руының өкілдері тұрып

жатты. Бұл уездегі Дулаттар руының шаруашылық пен тұрмыс тіршілігінде суармалы жер, диқаншылық пен бау бақша маңызды орын алды. Жартылай көшпелі мал шаруашылығы, түрлі уй кәсіптері мен қолөнер де олардың арасында кең тарады. Сөйтіп Ұлы жүздің саны ең көп Дулат рулары Сырдария облысының Шымкент пен Әулиеата уездерінде, Жетісу облысының Верный уезінде орналасты» [12, 56-57].

Сонымен, Шымкент уезіндегі Ұлы жүз руларының ішіндегі ең көп тараған этникалық топ – дулаттар. Шымкент облысы мен Жамбыл облысында көптеп қоныс аударған дулат руының

басынан өткізген тарихи оқиғаларына, кәсіптеріне, орналасқан аймағына байланысты, осы рудан шыққан өнерпаздардың музыкасында ерекшеліктер бар ма? Қазірше біздің байқағанымыз, Сағатбек Медеубекұлы мен Базаралы Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» атты еңбегіндегі қара өлеңдер мен халық әндері «Қазығұрт әуендері» атты музыкалық жинақтағы Оңтүстік Қазақстан әуендері қатты ұқсас, тіпті бір музыкалық ладта құралған ұқсас әуендер. Бұл мәселені алдағы уақытта диссертациялық жұмысымызда нақты дәлелдермен мысал келтіре отырып талдау, саралау қажет.

Әдебиеттер

1 Кәрменов Ж. Халық әндері мен халық композиторларының әндері. – Алматы, 1990; Байтенова Г. Көкшетау әуендері. – Алматы: Өнер, 1993; Сарыарқа әндері антологиясы. / М. Әбуғазы. – Алматы, 2009; Елеманова С.А. Казахское традиционное песенное искусство. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000; Амирова Д. Аркинская песенная традиция: жанрово-стилевая система: Автореф. дис. ... канд. иск. – Л., 1994; Байбек.А. Песенный стиль Арки в контексте этносольфеджио (вузовский курс): Автореф. дис. ... канд. иск. – Алматы, 2009.

2 Күй табиғаты / Құр. Бекенов У. – А., 1981; Тәттімбет: Саржайлау. Күйлер / Күйлердің ред. қараған Е.Үсенов. – Алматы: Өнер, 1988; Тәттімбет және Арқа күйлері /А. Тоқтаған, М. Әбуғазы. – Алматы: Білім, 2005; Гамарник М. Жизнь и творчество Таттимбета: Автореф. дис. ... канд. иск. – Алматы, 1996.

3 Құрманғалиева М. Мұхит сал. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005; Адайдың ырғымасы / құрастырған Жаңбыршы А. – Алматы: Нұр әлем, 2005; Тұрмағанбетова Б. Ж. Қазақстанның Батыс аймағының ән мәдениеті. – Алматы, 2009; Құрманғалиева М. Мұхит Мералиев и его наследие (опыт реконструкции жизненного и творческого пути): Автореф. дис. ... канд. иск. – Алматы, 2009.

4 Құрманғазы. Күйлер / Құр. Жұбанов А. – А., 1960; Дәулеткерей. Күйлер / Құр. Жұбанов А. – А., 1961; Мерғалиев Т. Домбыра сазы. – А., 1972; Қазанғап. Ақжелең / Құр. Райымбергенов А. – А., 1984; Есенұлы А. Күй – тәңірдің күмбірі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1996; Есенұлы А. Күй – қастерлі әуез. – Алматы: Өлке, 1998; Сахарбаева К. Атырау ән-күй Мұхиты. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001; Шегебаев П. Домбровые кюи Западного Казахстана: традиционная форма и индивидуальный стиль: Автореф. дис. ... канд. иск. – Л., 1987; Несипбай Р. Кюй токпе в системе традиционного мироотношения казахов (проблемы темы, формы и композиции в кюях-токпе): Автореф. дис. ... канд. иск. – Алматы, 1999; Омарова Г.Н. Казахский кюй: культурно-исторический контекст и региональные стили: Автореф. дис. ... доктора искусствоведения. – Ташкент, 2012.

5 Жүсіпов Б. Жиделі Байсын күйлері: Оқу құралы. – Алматы: «Ғылым», 2000; Оспанов Б. «Дат» дастаны. – Алматы, 2001; Тоқжан Т. Сырлы сарын. – Алматы: Фонд «Сорос-Қазақстан», 2002; Жүсіпов Б. Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі: өнертану канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 1999; Байбосынова Ұ. М. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы: Филология ғылымдарының канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2006; Жаңабегенова Э. Арал өңірінің жыраулық дәстүрі: өнертану канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2010.

6 Медеубекұлы С., Мүптекеев Б. Жетісу әуендері. – Алматы: Өнер, 1998; Мүптекеев Б, Медеубекұлы С. Жетісудың күйлері. – Алматы: Өнер, 1998; Жетісу ақындарының жыр сарындары / А. Әбдуәлі, М. Әбуғазы. – Алматы: Атамұра, 2008; Темирбекова А. Песенное творчество казахов Семиречья: Автореф. дис. ... канд.иск. – М., 1966; Үсенбаев Е.Т. Күй өнері және күйші шеберлігі: өнертану канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2004; Мүптекеев Б.Ж. Жетісу оңтүстік шығысындағы күйшілік дәстүр: өнертану канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2009.

7 Темірбаев Р. Қазығұрт әуендері. – Алматы: Өнер, 1991.

9 Омарова Г.Н. Инструментальные традиции Южного Казахстана (к вопросу о межрегиональных музыкальных связях Каратау и Сырдарья) // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия филологическая. – 2011. – №3 (131). – С. 252-255.

10 Иманалиев Ж, Айтқалиев М. Қаратау шертпесі. Күйлер жинағы. – Алматы, 1975; Тоқтаған А, Ұлтарыхова Г, Әбуғазы М. Қаратау шертпесі. – Алматы, 2006; Спатаев Ж. Терме сазы. – Шымкент, 2014; Алсаитова Р. Сүгір күйлері және оның орындаушылары: өнертану канд. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2010.

11 Байбосынованың Ұ. Мұсылмандық шығыс әдебиеті үлгісіндегі жанрлар және олардың әуездік-эстетикалық ерекшеліктері // Этнокультурные традиции в музыке: Материалы международной конференции, посвященной памяти Т. Бекхожиной. – Алматы, 1999. – С. 309-321.

12 Омарова Г.Н. Казахский кюй: культурно-исторический контекст и региональные стили: Автореф. дис. ... доктора искусствоведения. – Ташкент, 2012.

13 Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000.

References

- 1 Ka'rmenov Zh. Halyq a'nderi men halyq kompozitorlarynyng a'nderi. – Almaty, 1990; Bajtenova G. Ko'kshetau a'uenderi. – Almaty: O'ner, 1993; Saryarqa a'nderi antologijasy. / M.A'bughazy. – Almaty, 2009; Elemanova S.A. Kazahskoe tradicionnoe pesennoe iskusstvo. – Almaty: Dajk-Press, 2000; Amirova D. Arkinskaja pesennaja tradicija: zhanrovo-stilevaja sistema: Avtoref. dis. ... kand. isk. – L., 1994; Bajbek.A. Pesennyj stil' Arki v kontekste jetnosol'fedzhio (vuzovskij kurs): Avtoref. dis.... kand. isk. – Almaty, 2009.
- 2 Ku'j tabighaty / Qur. Bekenov U. – A., 1981; Ta'ttimbet: Sarzhajlau. Ku'jler / Ku'jlerding red. qaraghan E.U'senov. – A.: O'ner, 1988; Ta'ttimbet zha'ne Arqa ku'jleri /A.Toqtaghan, M.A'bughazy. – Almaty: Bilim, 2005; Gamarnik M. Zhizn' i tvorcestvo Tattimbeta: Avtoref. dis. ... kand. isk. – Almaty, 1996.
- 3 Qurmanghalieva M. Muhit sal. – Almaty: Dajk-Press, 2005; Adajdyng yrghymasy / qurastyrgan Zhangbyrshy A. – Almaty: Nur A'lem, 2005; Turmaghanbetova B. Zh. Qazaqstannyng Batys ajmaghynyng a'n ma'denieti. – Almaty, 2009; Qurmanghalieva M. Muhit Meraliev i ego nasledie (opyt rekonstrukcii zhiznennego i tvorcheskogo puti): Avtoref. dis. ... kand. isk. – Almaty, 2009.
- 4 Qurmanghazy. Ku'jler / Qur. Zhubanov A. – A., 1960; Da'uletkejev. Ku'jler / Qur. Zhubanov A. – A., 1961; Merghaliev T. Domyra sazy. – A., 1972; Qazanghap. Aqzheleng / Qur. Rajymbergenov A. – A., 1984; Esenuly A. Ku'j – ta'ngirding ku'mbiri. – A.: Dajk-Press, 1996; Esenuly A. Ku'j – qasterli a'uez. – Almaty: O'lke, 1998; Saharbaeva K. Atyrau a'n-ku'j Muhity. – Almaty: Dajk-Press, 2001; Shegebaev P. Dombrovyje kjui Zapadnogo Kazahstana: tradicionnaja forma i individual'nyj stil': Avtoref. dis. ... kand. isk. – L., 1987; Nesipbaj R. Kjuj tokpe v sisteme tradicionnogo mirootnosheniya kazahov (problemy temy, formy i kompozicii v kjujah-tokpe): Avtoref. dis. ... kand. isk. – Almaty, 1999; Omarova G.N. Kazahskij kjuj: kul'turno-istoricheskij kontekst i regional'nye stili: Avtoref. diss. ... doktora iskusstvovedeniya. – Tashkent, 2012.
- 5 Zhu'sipov B. Zhideli Bajsyn ku'jleri: Oqu quraly. – Almaty: «Ghylym», 2000; Ospanov B. «Dat» dastany. – Almaty, 2001; Toqzhan T. Syrly saryn. – Almaty: Fond «Soros-Qazaqstan». – A., 2002; Zhu'sipov B. Syr bojnynyng zhyraulyq- zhyrshylyq da'stu'ri: O'nertanu kand. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 1999; Bajbosynova, U. M. Syr bojy aqyn-zhyraulary shygharmashylyghyndaghy islam taqyryby: Filologiya ghylymdarynyng kand. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 2006; Zhangabergenova Je. Aral o'ngirining zhyraulyq da'stu'ri: O'nertanu kand. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 2010.
- 6 Medeubekuly S., Mu'ptekeev B. Zhetisu a'uenderi. – Almaty: O'ner, 1998; Mu'ptekeev B, Medeubekuly S. Zhetisudying ku'jleri. -Almaty.: O'ner, 1998; Zhetisu aqyndarynyng zhyr saryndary / A.A'bdua'li, M.A'bughazy. – Almaty: Atamura, 2008; Temirbekova A. Pesennoe tvorcestvo kazahov Semirech'ja: Avtoref. dis. ... kand.isk. – M., 1966; U'senbaev E.T. Ku'j o'neri zha'ne ku'jshi sheberligi: O'nertanu kand. ... diss. avtoreferaty. – A., 2004; Mu'ptekeev B. Zh. Zhetisu ongtu'stik shyghysyndaghy ku'jshilik da'stu'r: O'nertanu kand. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 2009.
- 7 Temirbaev R. Qazyghurt a'uenderi. – Almaty: O'ner, 1991.
- 9 Omarova G.N. Instrumental'nye tradicii Juzhnogo Kazahstana (k voprosu o mezhregional'nyh muzykal'nyh svjazjah Karatau i Syrdar'i) // Vestnik KazNU im. al'-Farabi. Seriya filologicheskaja. – 2011. – №3 (131). – S. 252-255.
- 10 Imanaliev Zh, Ajtqaliev M. Qaratau shertpesi. Ku'jler zhinaghy. – Almaty, 1975; Toqtaghan A, Ultarahova G, A'bughazy M. Qaratau shertpesi. – Almaty, 2006; Spataev Zh. Terme sazy. – Shymkent, 2014; Alsaitova R. Su'gir ku'jleri zha'ne onyng oryndashylary: O'nertanu kand. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 2010.
- 11 Bajbosynovanyng U. Musylmandyq shyghys a'debieti u'lgisindegi zhanrlar zha'ne olardying a'uezdik-jestetikalyyq erekshelekteri // Jetnokul'turnye tradicii v muzyke: Materialy mezhdunarodnoj konferencij, posvjashhennoj pamjati T. Bekhozhinoy. – Almaty, 1999. – S. 309-321.
- 12 Omarova G.N. Kazahskij kjuj: kul'turno-istoricheskij kontekst i regional'nye stili: Avtoref. diss. ... doktora iskusstvovedeniya. – Tashkent, 2012.
- 13 Arghynbaev H., Muqanov M., Vostrov V. Qazaq shezhiresi haqynda. – Almaty, 2000.